



"Қазақстан және Орталық Азия тарихы институты"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Scientific Journal

"CENTRAL ASIAN COURIER"

"ОРТАЛЫҚ АЗИЯ КУРЬЕРІ"

ғылыми журналды

Научный журнал

"ЦЕНТРАЛЬНО-АЗИАТСКИЙ КУРЬЕР"

1 № 1 (2025)



EDITOR-IN-CHIEF

Zhumatay Samat — General Director of the Institute of History of Kazakhstan and Central Asia (Kazakhstan).

Azmukhanova Aiman — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor (Kazakhstan).

Deputy Editor-in-Chief:

Cherepanov Konstantin — Candidate of Historical Sciences, Leading Researcher, Head of the Department of the History of Kazakhstan in the 20th Century at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Committee of Science, Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan).

EDITORIAL BOARD:

Abazov Rafis — PhD, Adjunct Professor, Columbia University; Vice-Rector for International Cooperation, Kazakh National Agrarian Research University; Director, Institute for Green and Sustainable Development; Coordinator, MBA Program.

Abdyrakhmanov Tolobek — Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Kyrgyz Republic, Zhusup Balasagyn Kyrgyz State University (Kyrgyz Republic, Bishkek).

Abil Yerkin — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan).

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

Auanasova Alima — Doctor of Historical Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University.

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas, (USA).

Dzhumashev Askar — Doctor of Historical Sciences, Professor, and Head of the Department of History at the Karakalpak Scientific Research Institute of Humanities – Karakalpak Branch of the Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan.

Ismagulov Orazak — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the RK under the President of the RK, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan).

Kabuldinov Ziyabek — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the RK under the President of the RK, general Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK (Kazakhstan).

Karasayev Gani — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Institute of State History of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Astana.

Kokebayeva Gulzhaukhar — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Al-Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan).

Kozhirova Svetlana — Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan).

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford (UK).

Muminov Ashirbek — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Istanbul, Turkey).

Outram Alan — Doctor of Archaeological Sciences, Professor of the Department of Archaeology and History, University of Exeter (Great Britain, Exeter).

Zharken Aigul — Doctor of Historical Sciences, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University.

Shaydullaev Shapulat — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Department of the History of Uzbekistan at Termez State University.

Shinji Kato — PhD, Nara National Research Institute for Cultural Properties, Japan.

Turdaliev Cholpon — Doctor of Historical Sciences, Professor at the American University of Central Asia.

Werner Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university (USA).

Zhomart Simtikov — Candidate of Historical Sciences, Doctor of Political Sciences, Head of the Department of Political Science and Social-Philosophical Disciplines at Abai Kazakh National Pedagogical University.

EXECUTIVE EDITOR

Tashbaeva Kadicha — Candidate of Historical Sciences, Head of the Department of Archaeology at the B. Dzhangerchinov Institute of History, Archaeology and Ethnology of the National Academy of Sciences of the Kyrgyz Republic.

ACADEMIC EDITOR

Utgenov Marat — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Head of the Department of History, Geography and Social and Humanitarian Sciences Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov.

Mukanova Gulnar — Candidate of Historical Sciences, Professor, Leading Researcher of the Astana Branch of the Ch. Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology.

TECHNICAL SECRETARY

Kopeyeva Saniya — Master's degree (Kazakhstan)

Sandybayeva Dinara — Master's degree, staff member of the Institute of the History of Kazakhstan and Central Asia (Kazakhstan)

БАС РЕДАКТОР

Жұматайұлы Самат — Қазақстан және Орталық Азия тарихы институтының бас директоры (Қазақстан).

Азмұханова Айман Махсотқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (Қазақстан).

Бас редактордың орынбасары:

Черепанов Константин Владимирович — тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер, ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ХХ ғасырдағы Қазақстан тарихы бөлімінің меңгерушісі, (Қазақстан).

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Абазов Рафис Фанисұлы — PhD, Колумбия университетінің адъюнкт-профессоры, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректоры, Жасыл және тұрақты даму институтының директоры, MBA бағдарламасының үйлестірушісі.

Абдырахманов Толобек Әбілұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Жүсіп Баласағын атындағы Қырғыз мемлекеттік университеті (Қырғыз Республикасы, Бішкек).

Ауанасова Әлима Мүсірқызы — тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры.

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан).

Әлімбаев Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Қазақстан).

Вернер Кунгһиа (Werner, Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті, (АҚШ).

Дайнер Александр (Diener Alexander) — тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті, (АҚШ).

Джумашев Аскар Мамбетович — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасының Ғылым Академиясы Қарақалпақстан бөлімшесінің Қарақалпақ гуманитарлық ғылымдар зерттеу институтының Тарих бөлімі меңгерушісі.

Жаркен Айгүл Мәлікқызы — тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры.

Кожирова Светлана Басиевна — саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан).

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан).

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Президентінің жанындағы ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас директоры (Қазақстан).

Қарасаев Ғани Мұқашұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Мемлекет тарихы институтының бас ғылыми қызметкері, Астана қ.

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания).

Муминов Әшірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия, Стамбул қ.).

Оутрам Алан — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университетінің археология және тарих кафедрасының профессоры (Ұлыбритания, Эксетер).

Симтиков Жомарт Құдайбергенұлы — тарих ғылымдарының кандидаты, саясаттану ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының меңгерушісі.

Смағұлов Оразак Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Президентінің жанындағы ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Астана, Қазақстан).

Турдалиева Чолпон Жапарбекқызы — тарих ғылымдарының докторы, Орталық Азиядағы Американың университетінің профессоры.

Шайдуллаев Шапулат — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Термез мемлекеттік университетінің Өзбекстан тарихы кафедрасының меңгерушісі.

Шинджи Като — PhD, Народағы мәдени құндылықтардың ұлттық ғылыми-зерттеу институты (Жапония, Нара).

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Ташбаева Кадича Искандарқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясы Б. Жамгерчинов атындағы Тарих, археология және этнология институтының археология бөлімінің меңгерушісі.

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Өтегенов Марат Зеннатұлы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ тарих, география және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының меңгерушісі.

Мұқанова Гүлнар Қайроллақызы — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Астана қаласындағы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты филиалының жетекші ғылыми қызметкері.

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Копеева Сания Жұматайқызы — магистр, Қазақстан мен Орталық Азия тарихы институтының қызметкері (Қазақстан)

Сандыбаева Динара Маратқызы — магистр, Қазақстан мен Орталық Азия тарихы институтының қызметкері (Қазақстан)

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Жуматай Самат — Генеральный директор Института истории Казахстана и Центральной Азии (Казахстан)

Азмуханова Айман Махсотовна — кандидат исторических наук, ассоциированный профессор (Казахстан)

Заместитель главного редактора:

Черепанов Константин Владимирович — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник, заведующий отделом истории Казахстана XX века Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. КН МНВО РК (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Абазов Рафис Фанисович — PhD, адъюнкт-профессор Колумбийского университета, проректор по международному сотрудничеству Казахского национального аграрного исследовательского университета, директор Института зеленого и устойчивого развития, координатор программы МВА.

Абдырахманов Толобек Абилович — доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент НАН КР, Кыргызский государственный университет им. Жусупа Баласагына (Кыргызская Республика, г. Бишкек).

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, Институт истории государства КН МНВО РК (Казахстан).

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК (Казахстан).

Ауанасова Алима Мусировна — доктор исторических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева.

Вернер Синтия (Werner Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет (США).

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США).

Джумашев Аскар Мамбетович — доктор исторических наук, профессор, заведующий отделом истории Каракалпакского научно-исследовательского института гуманитарных наук (Каракалпакское отделение Академии наук Республики Узбекистан).

Жаркен Айгуль Маликовна — доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва.

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК при Президенте РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан).

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК при Президенте РК, Генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК (Казахстан).

Карасаев Гани Мукашевич — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории государства Комитета науки Министерство Науки и высшего образования Республики Казахстан, г. Астана.

Като Синдзи (Shinji Kato) — PhD, Национальный научно-исследовательский институт культурных ценностей в Наре (Япония, г. Нара).

Кожирова Светлана Басиевна — доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан).

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального университета имени аль-Фараби. (Казахстан).

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания).

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция, г. Стамбул).

Оутрам Алан — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории университета Эксетере (Великобритания, г. Эксетер).

Симтиков Жомарт Кудайбергенович — кандидат исторических наук, доктор политических наук, заведующий кафедрой политологии и социально-философских дисциплин Казахского национального педагогического университета имени Абая.

Турдалиева Чолпон Джапарбековна — доктор исторических наук, профессор Американского университета в Центральной Азии.

Шайдуллаев Шапулат — доктор исторических наук, профессор, заведующий кафедрой истории Узбекистана Термезского государственного университета.

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Ташбаева Кадича Искандаровна — кандидат исторических наук, Заведующая отделом археологии Института истории, археологии и этнологии им. Б. Джамгерчинова Национальной академии наук Кыргызской Республики.

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Утегенов Марат Зенатович — кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, заведующий кафедрой истории, географии и социально-гуманитарных наук НАО «Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова».

Муканова Гюльнар Кайроллиновна — кандидат исторических наук, профессор, ведущий научный сотрудник филиала в г. Астана Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова.

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Копеева Саня Жуматаевна — магистр, сотрудник Института истории Казахстана и Центральной Азии (Казахстан)

Сандыбаева Динара Маратовна — магистр, сотрудник Института истории Казахстана и Центральной Азии (Казахстан)





Published in the Republic of Kazakhstan
Scientific Journal
“Central Asian courier”
Has been issued as a journal since 2025
ISSN 3105-241X.
Vol. 1. Is. 1, pp. 12-25, 2025
Journal homepage: <https://sjcacourier.com/>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.64970/3105-241X_2025_1_1_12-25

REFLECTIONS OF THE AFTERLIFE BELIEF AMONG THE TURKS IN MAUSOLEUM CONSTRUCTION AND DECORATION

Aziz Doğanay¹, Meirbek Sambet²

¹Marmara University, Faculty of Theology, Department of History of Turk-Islamic Arts
İstanbul, Republic of Türkiye
Professor, PhD., Head of the Department of History of Turk-Islamic Arts
 <https://orcid.org/0000-0002-6617-3057>. E-mail: azizdoganay@marmara.edu.tr

²Marmara University, Institute of Social Sciences, Department of History of Turk-Islamic Arts
İstanbul, Republic of Türkiye
PhD student in the Department of History of Turk-Islamic Arts
 <https://orcid.org/0009-0006-1362-8894>. E-mail: meirbek.sambet@ayu.edu.kz

© Institute of History of Kazakhstan and Central Asia, 2025
© Doğanay A., Sambet M.A., 2025

Abstract. *Introduction.* In the worldview of the Turkic peoples, the belief in the afterlife held a significant place and was clearly reflected in the architectural construction and artistic decoration of mausoleums. The ancient Turks believed in life after death, and this belief was embodied in their burial rituals and tomb-building traditions. With the spread of Islam, these concepts were enriched with new religious notions and found expression in mausoleum architecture and epitaph inscriptions. *Research objectives and tasks.* The main objective of the study is to analyze the reflections of the afterlife belief among the Turks in mausoleum architecture and decorative elements. The tasks are: to identify pre-Islamic Turkic burial traditions; to determine the influence of Islam on mausoleum architecture; to examine the religious-symbolic meanings of epitaph inscriptions and ornamental patterns; and to reveal the religious, social, and cultural functions of mausoleums. *Results.* Based on archaeological evidence and written monuments, the study analyzes the manifestations of the belief in life after death in the mausoleum construction of the ancient Turks. The structural solutions and decorative elements of mausoleums were directly linked to eschatological beliefs. During the Islamic period, mausoleums fulfilled not only religious but also socio-cultural functions. Inscriptions and ornaments on gravestones reflected the synthesis of Islamic principles and folk beliefs. *Conclusion.* The afterlife belief of the Turkic peoples occupied an important place in their mausoleum architecture and artistic traditions. This phenomenon demonstrates the continuity between the pre-Islamic and Islamic periods and contributed to the formation of the cultural heritage of the Turkic-Islamic civilization.

Keywords: Turks, afterlife belief, mausoleum, architecture, decoration, gravestone, ornament, Islamic tradition


For citation: Doğanay A., Sambet M.A. Reflections of the afterlife belief among the Turks in mausoleum construction and decoration // Scientific Journal “Central Asian courier”. 2025. Vol. 1. No. 1. Pp. 12-25. (In Kaz.). DOI: 10.64970/3105-241X_2025_1_1_12-25

ТҮРКІЛЕРДЕ АҚЫРЕТ СЕНІМІНІҢ МАЗАР ҚҰРЫЛЫСЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БЕЗЕНДІРУДЕГІ КӨРІНІСТЕРІ

Азиз Доғанай¹, Мейірбек Сәмбет²

¹Мармара Университеті, Илаһият факультеті, Түркі-ислам өнер тарихы бөлімі
Ыстамбұл, Түркия Республикасы

Профессор, PhD., Түркі-ислам өнер тарихы бөлім басшысы

 <https://orcid.org/0000-0002-6617-3057>. E-mail: azizdoganay@marmara.edu.tr

²Мармара Университеті, Әлеуметтік ғылымдар институты, Түркі-ислам өнер тарихы бөлімі
Ыстамбұл, Түркия Республикасы

Докторант, Түркі-ислам өнер тарихы бөлімі

 <https://orcid.org/0009-0006-1362-8894>. E-mail: meirbek.sambet@ayu.edu.kz

Аңдатпа. *Kırsıne.* Түркі халықтарының дүниетанымында ақырет сенімі ерекше орын алып, ол мазарлардың архитектуралық құрылысы мен көркемдік безендірілуінде айқын көрініс тапты. Ежелгі түркілер өлімнен кейінгі өмірге сеніп, бұл сенімді жерлеу рәсімдері мен мазар тұрғызудағы дәстүрлеріне енгізді. Ислам дінінің таралуымен бірге бұл түсініктер жаңа діни ұғымдармен толығып, мазар сәулеті мен қабір тастарындағы жазуларда бейнеленді. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері.* Зерттеудің негізгі мақсаты – түркілердегі ақырет сенімінің мазар архитектурасындағы және олардың көркемдік элементтеріндегі көрінісін талдау. Міндеттері – исламға дейінгі түркілердің жерлеу дәстүрлерін анықтау; мазар сәулетінде ислам дінінің ықпалын айқындау; қабіртастардағы жазулар мен ою-өрнектердің діни-символикалық мәнін саралау; мазарлардың діни, әлеуметтік және мәдени рөлін ашу. *Нәтижелер.* Археологиялық деректер мен жазба ескерткіштерге сүйене отырып, ежелгі түркілердің өлімнен кейінгі өмірге сенімінің мазар құрылысындағы көріністері талданды. Мазарлардағы құрылымдық шешімдер мен безендіру элементтері ақырет сенімімен тікелей байланысты болды. Ислам дәуірінде мазарлар діни ғана емес, қоғамдық-мәдени қызмет атқарды. Қабіртастардағы жазулар мен өрнектер діни қағидалар мен халықтық сенімдердің тоғысуын көрсетеді. *Қорытынды.* Түркі халықтарының ақырет сенімі олардың мазар архитектурасында және көркемдік дәстүрінде ерекше орын алды. Бұл құбылыс исламға дейінгі және исламнан кейінгі кезеңнің сабақтастығын көрсетіп, түркі-ислам өркениетінің мәдени мұрасын қалыптастыруға ықпал етті.

Түйін сөздер: Түркілер, ақырет сенімі, мазар, архитектура, безендіру, қабіртас, өрнек, ислам дәстүрі


Дәйексөз үшін: Доғанай А., Сәмбет М.Ә. Түркілерде ақырет сенімінің мазар құрылысындағы және оларды безендірудегі көріністері // Scientific Journal “Central Asian courier”. 2025. Т. 1. № 1. 12-25 бб. (Қазақш.). DOI: 10.64970/3105-241X_2025_1_1_12-25

ПРОЯВЛЕНИЯ ВЕРЫ В ЗАГРОБНУЮ ЖИЗНЬ У ТЮРКОВ В СТРОИТЕЛЬСТВЕ И УКРАШЕНИИ ГРОБНИЦ

Азиз Доғанай¹, Мейірбек Самбет²

¹Университет Мармара, Факультет Теологий, Кафедра истории тюрко-исламского искусства
Стамбул, Турецкая Республика

Профессор, PhD, заведующий Кафедрой истории тюрко-исламского искусства

 <https://orcid.org/0000-0002-6617-3057>. E-mail: azizdoganay@marmara.edu.tr

²Университет Мармара, Институт Социальных наук, Отдел Историй тюрко-исламского искусства

(2, ул. Махир Из, Багларбашы, Ускюдар, Стамбул, 34662, Турецкая Республика)

Докторант, Отдела Историй тюрко-исламского искусства

 <https://orcid.org/0009-0006-1362-8894>. E-mail: meirbek.sambet@ayu.edu.kz

Аннотация. *Введение.* В мировоззрении тюркских народов вера в загробную жизнь занимала особое место и ярко проявлялась в архитектурном строительстве и художественном оформлении мавзолеев. Древние тюрки верили в жизнь после смерти, и это убеждение находило отражение в их погребальных обрядах и традициях возведения мавзолеев. С распространением ислама данные представления были дополнены новыми религиозными понятиями и воплотились в архитектуре мавзолеев и надгробных надписях. *Цель и задачи исследования.* Основная цель исследования – проанализировать отражение веры в загробную жизнь у тюрков в архитектуре мавзолеев и их декоративных элементах. Задачи заключаются в следующем: выявить доисламские погребальные традиции тюрков; определить влияние ислама на мавзольную архитектуру; исследовать религиозно-символическое значение надгробных надписей и орнаментов; раскрыть религиозные, социальные и культурные функции мавзолеев. *Результаты.* На основе археологических данных и письменных памятников проанализированы проявления веры в жизнь после смерти в мавзольной архитектуре древних тюрков. Архитектурные решения и декоративные элементы мавзолеев напрямую были связаны с эсхатологическими представлениями. В исламский период мавзолей выполняли не только религиозные, но и социально-культурные функции. Надгробные надписи и орнаменты отражали синтез исламских норм и народных верований. *Заключение.* Вера в загробную жизнь у тюркских народов занимала важное место в мавзольной архитектуре и художественных традициях. Данное явление демонстрирует преемственность между доисламским и исламским периодами и способствовало формированию культурного наследия тюрко-исламской цивилизации.

Ключевые слова: Тюрки, вера в загробную жизнь, мавзолей, архитектура, оформление, надгробие, орнамент, исламская традиция

Для цитирования: Доганай А., Самбет М. Проявления веры в загробную жизнь у тюрков в строительстве и украшении гробниц // Scientific Journal “Central Asian courier”. 2025. Т. 1. № 1. С. 12-25. (На Каз.). DOI: 10.64970/3105-241X_2025_1_1_12-25


Кіріспе. Адамзаттың өмір мен өлімге, жан мен рухқа қатысты таным-түсініктері әр дәуірде философиялық және діни ойдың басты нысанына айналды. Түркі дүниетанымында бұл мәселе «Заманды Тәңір сүреді, адам өлу үшін келген» (Ergin, 1988: 30) деген Күлтегін жырындағы жолдар арқылы айқын көрінеді. Мұнда адамның дүниеге келуінің мәні мен өлімнің табиғи заңдылығы терең мағыналы тұжырым ретінде берілген. Ал исламдық түсінікте жан мен рух мәселесі құпия ілімдердің қатарына жатады. Құран Кәрімде: «(Мұхаммед Ғ.С.) олар сенен (рух) жан туралы сұрайды: “Ол, Раббымның әмірінен. Сендерге өте аз мәлімет берілді” де» (Исра, 17/85) деп атап көрсетіледі. Бұл аят рухтың мәні толық ашылмайтын, адамзатқа шектеулі білім берілген құбылыс екенін білдіреді.

Осы екі дереккөздің тоғысында түркілік дүниетаным мен исламдық көзқарастың үндестігі айқындалады. Екеуінде де адамның өткіншілігі, өлімнің бұл дүниедегі өмірдің жалғасы ретіндегі маңызы, сондай-ақ рухани әлемге қатысты құпияның бар екендігі көрсетіледі. Бұл идеялар кейінгі түркі-исламдық мәдениетте, әсіресе мазар архитектурасы мен жерлеу дәстүрлерінде көрініс тауып, ақырет сенімінің көркемдік бейнелерін қалыптастырды.

Діни сенімдердің басым көпшілігіне сәйкес рухқа арнайылап жаратылған тәнмен бірге дүниелік өмірін аяқтаған әрбір тіршілік иесі, рухының тәнінен шығуы нәтижесінде уақытша өмірінде қатынаста болған жақындарынан айырылып, рухтар әлеміне көшіп, мәңгілік өмірге аттанады. Бұндай айырылысудың нәтижесінде дүниеде қалған адамдар туындаған сезімдері

арқылы, өмірден озған жақыны үшін түрлі рәсімдер мен ғибадаттар ұйымдастырып, өмірден өткен адамның бұл дүниедегі естеліктері мен мұрасын кейінгі ұрпаққа жалғастыру және рухының тыныштығын қорғау мақсатында тарих бойы белгілі бір іс-шаралар жасайтын болған.

Материалдар мен әдіс-тәсілдері. Ежелгі түркілердің өлімнен кейін бір өмір барына сенгендігі туралы археологиялық зерттеулерден де, тарихи деректерден де аңғара аламыз (Önkal, 1996: 3). Алайда түркілердің ақырет сеніміне қатысты зерттеушілер екі түрлі пікірді ұстанады. Біршама ғалымдар түркілердің өлімнен кейін өмірдің бар екендігіне, бірақ маһшар күні болатынын білмегендіктерін алға тартса, ғалымдардың басқа тобы адамдардың осы дүниеде жасаған жақсы немесе жаман амалдары үшін ақыретте жауап беретіндіктеріне сенгендігін алға тартады (Günay, Güngör, 1998: 86). Орхон жазуларында келтірілген «ұшты (учту)» сөзі, Қашғари сөздігінде «ұжмақ (учмак, ұшпақ)» жәннәт мағынасында қолданылған (Roux, 1999: 158). Исламға дейінгі түркілер «ұжмақ» жәннәті көкте, «тамұқ (тұзақ, тозақ)» жәннәм болса жердің астында деп сипаттаған. Бұндай түсініктің болуы түркілердегі ақырет есебіне қатысты сенімнің бар екендігін аңғартады (Günay, Güngör, 1998: 85). Ақырет түсінігі болмағандары және Буддизмнің ықпалымен риенкарнация сеніміне ие болған түркілер өз алдына бөлек тақырып.




Сурет 1 - Пазырық қорымынан (Н. Диярбекірли)
[Fig. 1 - From the Pazyryk Burial Site (N. Diyarbekirli)]

Бүгінгі күнге дейін жасалған зерттеулерде ежелгі түркілердің қайтқан адамдарын қорғандарға жерлеместен бұрын, «барк» деп аталатын киіз үй іспеттес құрылыстың ішіне біршама уақыт қойып, алғашқы рәсім жасалғаннан кейін жылдың белгілі бір ыңғайы келген уақытында екінші рет арнайы рәсім жасалып жерлегендіктері анықталған (Ögel, 1988: 758).

Біздің дәуірімізге дейінгі үш мың жылдық кезеңге жататын қорғандарды қазу кезінде табылған мәйіттерден сол заманда өлілердің жерге көмілгенін аңғарамыз. Ежелгі кезеңдерде жерлеудің мумиялау әдісі жиі кездесті (Roux, 1999: 219). Сондай-ақ кейбір түркі тайпалары қайтқандарын жерлеудің орнына биік төбелерге қалдырып немесе ағаш бұтағына іліп қоятыны, кейде кремацияға жүгінгені де белгілі (Gözübenli, 1997: 194-195). Бұған айналадағы басқа мәдениеттер әсер етуі мүмкін.

Пазырық қорғандарынан табылған мысалдардан түркілер қайтыс болған адамдарын жуып, тазалап болған соң «есүк» немесе «ешук» деп аталатын кебінге орап, бастарын шығысқа қаратып жерлегенін білдік (Roux, 1999: 241). Осы қазбалардан түріктердің өлгендерін ақыретте қажет болуы мүмкін барлық заттармен бірге жерлегенін де білдік (Diyarbekirli, 1972: 67). Қорғандардың сәулеттік құрылысы мен ішкі безендірілуінің үйлер сияқты жобаланғаны өмірдің жалғасуы туралы түсінік тұрғысынан маңызды екенін аңғара аламыз (1-сурет).



Сурет 2 - Эрзурумдағы Якутие медресесі (Г. Шнайдер)
[Fig. 2 - Yakutiye Madrasa in Erzurum (G. Schneider)]

Талқылау. Түркілер бейіт басына салынған құрылыстың қабырғаларына марқұмның бейнесін, оның қатысқан шайқастарын, өмірінен көріністерді салған (Ergin, 1988: 31-32, 50). Осы ұрыстарда марқұм жауды өлтірсе, бейіт басына осы жауды бейнелейтін тас (балбал) қойылған. Бұның себебі де балбалы қондырылған аталған жау о дүниеде өзін өлтірген батырға қызмет етеді деген сенім себеп болуы мүмкін (Roux, 1999: 166).

Алтайда бақсылардың көкке көтерілу рәсімі көбінесе биік төбелерде және ағашқа өрмелеу арқылы өткізілетін болған (Şener, 1996: 13). Рухты Құдайға жақындатады деп сеніп өлгендерді биік төбелерге қалдырып, ағаш бұтақтарына ілу дәстүрі Анадолы түркі тайпаларында да исламдық болмысқа айналып, күні бүгінге дейін сақталған. Орталық Азиядағы бақсылар мен шамандарды Анадолыда уәлилер ауыстырды. Осыған байланысты есімдері аңыздарға енген әулиелердің бейіттері көбінесе биік төбелер мен үлкен ағаштардың астында орналастырылған. Кейбір әулие-әмбиелер бейітінде көзге түсетін тағы бір жайт – қабірлердің шамадан тыс үлкен көлемі. Мысалы, Сейіт Баттал Ғазидің Сейідғазидегі бейітінің ұзындығы 6 метр (Laqueur, 1993: 54). Түркістан қаласына жақын Үкаш (Үккаша) Ата мазары да осыған ұқсас. Бір адамның кесенелерінің бірнеше жерде болуын да сол дәстүрдің жалғасы деуге болады. Жерлеу орнын таңдауға келгенде, адамдар өздерін қамқорлығына алады деп немесе шапағатына бөленеді деп сенгендердің бейіттерінің жанына жерленгісі келген (Yüksel, 1969: 215). Бұған Түркістан қаласындағы Ахмет Ясауи кесенесі де мысал бола алады. Тіпті, Осман дәуірінде Ыстамбұлда қайтыс болған кейбір адамдар қаланың азиялық бөлігі мен Қағба арасында ешбір географиялық бөлініс болмағандықтан, «Қағба топырағы» деп Анадолы жағында жерлеуді жөн көрген (Laqueur, 1993: 74). Бұған қоса көптеген түркі халықтарында жол жиегіне жерленіп, жұрттың көзіне түсіп, дұға-тілектер көп болсын деген ниет күні бүгінге дейін жалғасып келеді.



Сурет 3 - Стамбұлдағы Катиб Синан мешітінің күмбезіндегі сандықша (қабіртас)
[Fig. 3 - Casket (Tombstone) on the Dome of Katib Sinan Mosque in Istanbul]



Сурет 4 - Бурсадағы Жасыл кесене: шебер өрнектелген керамикалық михраб
 [Fig. 4 - Green Tomb in Bursa: Masterfully Ornamented Ceramic Mihrab]

Әулиенің денесі шірімейді деген сенім зияратшылардың қызығушылығын арттыратыны белгілі. Бүгінде Анадолының көптеген аймақтарында әулиелердің денелері шірімегендіктен киелі екеніне сенуіне байланысты олардың қабірлеріне ерекше ілтипатпен қаралып, осы бейіттерде жатқан адамдардан рухани, тіпті материалдық көмек күту де қоғам арасында белең алған құбылыс. Діни тұрғыда еш бір негізсіз, мумияланған мәйіттерге де жоғарыда айтылғандай ерекше көңіл бөлінеді. Осылайша, олар қайтыс болғаннан кейін де зияратшылардың назарында қалып, қайтқан адамға қатысты жасаған дұғалары үзілмейтін болады.

Қарахан дәуірі тұсында түркілер исламды жаппай дін ретінде қабылдай бастағанда түркі наным-сенімдерінің жаңа дәуірі басталды.

Ислам пайғамбары қызмет еткен алғашқы жылдары жүректерде таухид иманы берік орныққанша қабірлерді зиярат етуге тыйым салып, кейіннен қауіп сейілген кезде өлімнен сабақ алуы қажеттігін алға тартып, мұсылмандарға қабірді зиярат етуге рұқсат берді (Муслим, Жаназа: 106). Дегенмен, Ислам пайғамбарының монументалды қабір құрылыстарына жақсы көз-қараспен қарамағаны даусыз (Dilaveroğlu, 1978: 320-324). Ислам дініндегі қабір түсінігіне қатысты өнертанушы ғалымдарымыз жиі айтатын пікір: «Мазардың ең қайырлысы – жоғалған мазар» деген тұжырыммен келіспейтінімізді айтқымыз келеді. Себебі, арабтың «мазар» сөзі зиярат етілген жер дегенді білдіреді (Devellioğlu, 2000: 640). Қазақ тілінде зират сөзі де қолданылады. Араб тіліндегі «зиярат» түбірінен шыққан бұл сөз зиярат ету орны, зират мағынасын білдіреді. Бұл сөз де жоғарыда айтылған түбірден түрленіп қолданысқа енген. Зиярат ұғымымен қарайтын болсақ Жоғалған жерге қалай барып зиярат етуге болады? Ислам мазардың, зираттың, қабірдің өзіне қарсы емес, оған тыйым салуға қарсы. Хз. Айша Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с) өз пайғамбарларының қабірін қасиетті орынға айналдырған қауымдарды лағынеттегенін білдірген: «Егер бұл қауіпті болмағанда (бұдан қорқу болмағанда), Пайғамбардың қабірі сыртынан (ұзақтан) танылып, көрінетіндей етіп салынған болар еді», – деген (Karaman, 1996: 9). Мазарды жасыру – ислам діні енгізген дәстүр емес, моңғол дәстүрінде бар мәселе. Құбылай мен Шыңғыс ханның бейіттері де дәл осылай жасырылған, әлі күнге дейін қайда орналасқаны белгісіз. Бұл дәстүр Алтайда қабір көмілгеннен кейін үйір-үйір жылқыларды үстінен таптатып айдаумен немесе өзен арналарына қабір салумен көрініс тапқан. Қабірді жасыру қабірді қазына іздеушілерден қорғау үшін жасалған сақтық шарасы болды, өйткені марқұм құнды заттармен бірге жерленгендіктен мұндай қауіп әрқашан болатыны белгілі. Ислам дәстүрінде өлілер бағалы заттармен бірге жерленбегендіктен, қабірді жасырудың қажеті жоқ. Ислам дәстүрінде бұндай тәжірибе жоқ екені анық, керісінше адамдарға көрінетін орындарда мазарлар тұрғызылған.

Зерттеу нәтижелері. Ислам сәулет өнерінің ерте кезеңінде, ұлты грек анасы тарапынан халифа Мунтасырдың атына салынған, түркілік пен грек мәдениетінің ықпалы айқын көрінетін Куббәтүс-Сүлейбия құрылысынан басқа ауқымды сипаттағы кесене үлгісіндегі мазарлар кездеспейді. Бұның себебі, ол дәуірде мұндай көлемдегі басқа мазарлардың салынбағандығынан емес, қарсы бағыттағы ағымдар тарапынан бұзылып, жойылуымен тікелей байланысты. Түркілер ислам дінін қабылдағанымен, олардың сенім жүйесі толығымен өзгеріске түсті деу қиын. Алайда, бұрынғы сенімдер ислам дінінің қағидаларымен үйлестіріле отырып, елеулі рухани өзгерістер орын алғаны анық. Әсіресе ата-баба культіне ие болған түркілердің мазарға ерекше мән беруінің нәтижесінде, исламдық мазар құрылымдарына жаңа көзқарас әкелгені даусыз.

Ислам сенімі бойынша адам бұл дүниеде жасаған істері үшін ақыретте есеп береді. Егер жазасы болса, оны өтегеннен кейін, мәңгілік өмір сүретін жәннатқа кіреді. Жәннатқа жетудің жолы – иман келтіру және ізгі амалдар жасау. Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) «Адам баласы қайтыс болғаннан кейін үш амалы ғана жалғасады: тоқтамайтын садақа (садақа-и жәрия), пайдасы тиетін ілім және оған дұға қылатын салиқалы ұрпақ» (Муслим, Өсиет: 14) деген хадисінен, адамның өлімінен кейін де сауап дәптерінің жазылуы жалғасатыны белгілі болады. Осы сенімге сүйене отырып, адамдар өздерінен кейін жалғасатын қайырымды істер жасауға ұмтылған. Дәл осы себеппен исламды қабылдаған түркілер де, өздері қайтыс болғаннан кейін де жалғаса беретін, «садақа-и жәрия» деп аталатын мәңгілік істерді жүзеге асырған. Олар мешіт, медресе, шипахана секілді халыққа пайдалы нысандар салып, олардың жұмысын қамтамасыз ету үшін уақыттар құрған. Бұл игі жандар өз мазарларын осы құрылыстардың жанына немесе ішіне салдыру арқылы жасаған қайырлы істерімен бірге өмір сүруді мақсат еткен. Сонымен қатар, уақыт шартнамасына белгілі бір уақыттарда марқұмның рухына бағыштап Құран хатым түсірілуін, дұға жасалуы мен қасиетті күндер мен түндерде мұқтаждарға жәрдем көрсетілуін қосу арқылы бұл ізгі дәстүрді сақтап, әрі тұрақты етуге ұмтылған (Uzunçarşılı, 1974: 59). Бұл әрекеттердің негізінде жасалған игі істер арқылы күнәлардан тазару және ақыретте шапағатқа кенелу үміті жатқандығы байқалады.

Мұндай құрылыстардың Түркияда орналасқан көрнекті үлгілерін келесі жерлерден көруге болады: Кайсері қаласындағы Гаухар Несібе Хатун шипаханасы (1205), Хұнат Хатун кешені (1238), Ыспарта қаласының Атабей ауданындағы Ертоқұс медресесі (1224), Эрзурумдағы Қос мұнаралы медресе (1275) және Нийде қаласындағы Сунгур Бей мешіті (1333). Ал Эрзурумдағы Якутие медресесінде (1310) бұл мәселе айқын түрде көрініс тапқан (2-сурет). Бұл құрылысқа қатысты жазуда «Бұл мазарды салуды Жамаладдин Қожа Якут Ғазанидің өзі бұйырды» деген мәлімет берілген. Жазбада медресенің аты аталмағанымен, кесененің атын ерекше атап көрсетуі – осы мәселенің қаншалықты маңызды екенін білдіреді (Ünal, 1992: 55). Мұндай мысалдарға Селжұқ сәулет өнерінде жиі ұшырасуға болады (Önkal, 1996: 379-437). Ал Осман сәулет өнерінде кесенелер кешен құрамында біріктірілген ғимарат ретінде емес, жеке тұрған нысан ретінде салынған. Сонымен қатар, Ыстамбұлдағы Катиб Синан мешітінде (1496) байқалғандай, марқұмды тікелей күмбездегі орынға жерлеу сынды өзгеше жағдайлар да кездескен (Gürel, 1988: 149-150) (3-сурет). Мұндай әрекеттің түп-төркіні жоғарыда айтылған, мәйітті ағаш бұтағына ілу немесе биікке жерлеу дәстүрінен ізделуі тиіс.

Ежелгі дәуірлерде түркілердің қабірдің үстіне ғибадатханалар салғаны тарихи деректерден мәлім (Yazar, 1999: 422). Ислам пайғамбары қабірлердің үстіне ғибадат орнын салуды қатаң түрде тыйған. Алайда бұл тыйымға қарамастан, Селжұқ кезеңіндегі мазар құрылымдарында қабір бөлмесінің үстіне зиярат бөлмесі немесе мешіт қызметін атқаратын қосымша қабат бөлінген. Тіпті сол дәуірдің танымал сопылары тарапынан қабірлерге зиярат жасау мақұлданып, бұл жерлерде дұға оқып, намаз оқығандардың тілектері қабыл болатыны жөнінде насихаттар да айтылған. Ахмед Ефлакидің жазбасына сүйенсек, Мәулана былай деген: *«Достарымыз кесенемізді алыстан көрінетіндей биік етіп салсын. (...) Біздің кесенемізге келіп зиярат ететін және намаз оқитын адамның барлық тілегін Ұлы Алла орындайды әрі оны мақсатына жеткізеді. Оның дін мен дүние істеріне қатысты қалаулары*

жүзеге асады». (Eflâkî, 1973: 388). Пайғамбарымыздың қабірлердің ғибадатханаға айналуын тыйғанын ескерсек, бұл тәжірибе исламдық салттан емес, ежелгі түрік сенімдерінен туындағаны айқын көрінеді.

Осман дәуірінің сәулет өнерінде қабір үстіне мешіт салу тәжірибесі алғашқы кезең құрылысында болғанымен, уақыт өте келе қабір бөлмесінен бас тартып, кейінен мешіт құрылымынан да ажырағаны байқалады. Мешіт пен намазхана секілді діни құрылыстарға тән сәулеттік элемент – михрабтың ерте кезеңдегі Осман мазарларында кездесіп, кейінгі өркендеу мен классикалық кезеңдерде қолданылмай кетуі осы өзгерістің нақты айғағы бола алады. Дегенмен, құрылыс құрамынан михрабтың алынуы халықтың бұл дағдыдан толықтай бас тартқанын білдірмейді. Қазіргі күннің өзінде де, халық арасында кесенелерде намаз оқып, құлшылық етудің пайдалы болатынына сенетіндер көптеп кездеседі. Мұндай тәжірибелер тарихта кей уақыттарда қарсылық тудырып, кесенелерге қарсы ағымдар пайда болғанымен, бұл жағдай халықтық санада елеулі өзгеріске ұшыраған жоқ (Çam, 1999: 68).

Исламда жерлеу мәселесі фикһ кітаптарында жан-жақты қарастырылған. Бұл бойынша қабірді *лахид* (Ragheb, 1996: 17) түрінде жасау құпталады. Лохид – мәйітті көму үшін қазылған қабірдің құбыла бағытына қарай, мәйіт сыятындай етіп ойық жасау және мәйітті осы қуысқа орналастыру түрі. Ал мәйіт жерленетін орынды тікелей жарып, табыт пішіндес тігінен шұңқыр қазу әдісі *шаққ* немесе *дарих* деп аталады. Қазіргі таңда *лахид* сөзі кейбір зерттеушілер тарапынан қабірдің үстіңгі құрылымын (яғни архитектуралық-жерүсті бөлігі) білдіру үшін қолданылып жүр. Қажеттілік жағдайда *шаққ* түрінде де жасауға рұқсат етілген. Барлық Ибраһими діндерде болғанындай, ислам дінінде де мәйітті кебіндеу және жерге көму негізгі шарт болып табылады. Мәйіт қабірге оң бүйірімен, жүзі құбылаға қаратылып жатқызылады. Осылайша, бүкіл ислам қабірлері белгілі бір бағытқа, яғни құбылаға бағдарланған болады. Бұл жерлеу тәсілі Құран Кәрімдегі: «Әрбір жан иесі өлімді татады. Сосын Біз жаққа қайтарылады.» (Әнкәбут, 29/57) деген аяттың мән-мағынасына сай түрде, өлгеннен кейін Алла Тағалаға бет бұруды бейнелейді.



Сурет 5 - Ыстамбұл Шахзада Мехмед кесенесінің Керамикалық өрнектері
[Fig. 5. Ceramic Ornaments in the Mausoleum of Şehzade Mehmed in Istanbul]



Сурет 6 - Кануни Сұлтан Сүлейманның Жерлеу Рәсімінің Бейнесінен көрініс (С. Саатшы)
[Fig. 6. Scene from the Depiction of the Funeral Ceremony of Sultan Suleiman the Magnificent (S. Saatci)]

Ислам сенімі бойынша, адам топырақтан жаратылған және ақыр соңында қайтадан топыраққа оралады деген түсінік бар. Осыған байланысты мәйітті мумиялау үрдісі құпталмаған. Құран Кәрімде баяндалатын бір оқиғаға сүйене отырып, мәйіттің жерге көмілуі орынды деп танылған (Мәида, 5/31.). Бұл сенімге сәйкес, түркілердің қабір сәулетінде бұрын кездесетін *сардаб* (яғни мәйіт қойылатын жерасты қабаты) біртіндеп жойыла бастады (Önkal, 1988: 54-60).

Бұл өзгерісті өсиет арқылы алғаш жүзеге асырған тұлға Осман мемлекетінің патшасы Сұлтан II Мұрат болды (Uzunçarşılı, 1969: 67-69). Ол өзінің өсиетнамасында қабірінің қалай тұрғызылуы керектігін жан-жақты түсіндіріп, нақты нұсқаулар қалдырған. Сұлтан бұл құжатта Пайғамбар сүннетіне сай жерге көмілуін, арнайы қабір бөлмесі (жерасты) жасалмауын, және қабірдің үстінде жаңбыр суы тиетіндей ашық жер қалдырылуын талап еткен (Vasiyetnâme, 162/14). Сұлтанның бұл қалауы кейінгі кезеңдерде де жалғасын тауып, кейбір кесенелер ашық төбемен салынған. Ал кейбірі мәрмәрмен жабылған лахид тәрізді қабірлерде де дәл сондай ашықтық қалдырылып, жаңбыр суының қабірге тамшылауы қамтамасыз етілген. Бұл тәжірибе: *«Мүміннің қабіріне желдің тиюі мен жаңбырдың ағуы – оның күнәсі үшін кәффарат (өтеу) болады»* (Dilaveroğlu, 1978: 322) деген сенімге негізделген. Аталған өсиетнамада Сұлтан II Мұрат қайтыс болғаннан кейін орындалуы тиіс діни және дәстүрлі міндеттерді де егжей-тегжейлі баяндаған. Өсиетнаманың мазмұнынан ислам қағидаларына деген ерекше мұқияттылық анық байқалады. Бұл құжат сардабты (крипталы) селжұқ дәуірі қабір архитектурасынан, классикалық османдық қабір стиліне өту жолындағы маңызды кезең болып табылады (Doğanay, 1999: 99-109).

Құран Кәрімде: *«Сол күні, мұнафық ерлер мен мұнафық әйелдер Мүміндерге: “Бізге көздеріңнің қырын салыңдар! Нұрларыңнан біз де пайдаланайықшы!”,- дейді. Оларға: “Арттарыңа қайтып, нұр іздеңдер!”,- делінеді. Сонда олардың араларына есігі бар бір дуал орнатылады. Оның ішінде рахмет, сырт жағында азап бар.»* (Хадид сүресі, 57/13) деп баяндалады. Осы түсініктен шабыт ала отырып, қараңғы қабір сапарына символикалық түрде жарық беру ниетімен, кесенелерде үнемі шырақ жағу дәстүрі пайда болған. Мұны бейнелеу мақсатында, қабірдегі сәулеттік безендіруде шырақ пен шамдар жиі кездесетін көркем элементтерге айналған (Çerkez, 1999: 338-365) (4-сурет). Пайғамбардың бір хадисінде айтылған: *«(...)Расында қабір – жәннат бақтарынан бір бақ немесе тозақ шұңқырларынан бір шұңқыр»* (Тирмизи, Қиямет сипаттары: 26) деген сөзі де осы ұғымды қуаттайды. Кануни Сұлтан Сүлейменнің кесенесіндегі каллиграфиялық жазуында (Бақара сүресі, 2/257) да осыған ұқсас мазмұндағы тіркестер кездеседі.

Осман кезеңінде салынған кейбір ірі кесене құрылыстары жұмақтың бір көрінісі секілді өсімдік өрнектерімен көркемделіп, өлімнің салқын бейнесіне жылулық сипат беруге тырысқан. Бұған Бурсадағы Челеби Мехмед Кесенесі мен Ыстамбұлдағы Шахзада Мехмед Кесенесі мысал бола алады (5-сурет).

Мешіт сәулет өнерінде михраб, көбіне есікке ұқсайтын, параллель дамыған өз алдына бөлек бір құрылым болып табылады. Ғибадатханалардағы тәжқапы (Басқақпа) – сыртқы дүниеден ажырап, иләһи атмосфераға өту нүктесін білдіреді. Адам бұл есіктен кіргенде, уақытша болса да, дүниелік сезімдерден арылып, Жаратушысымен сырласу үшін рухани ахуалды бастан кешіреді. Ислам сенімінде Алла мекеннен пәк деп танылса да, михраб – адамның материалдық әлемнен ажырап, рухани сапарға бет алатын, иләһи әлемге ашылған қақпа іспеттес (Kağan, 1986: Sunuş). Қабірлер де дәл осы секілді, дүниелік жолын аяқтаған адамның ақыреттік сапары басталатын өткел тәрізді. Осы себептен, рухтар әлеміне бастайтын сапардың басы саналатын қабірлер де осы сенімге сай мағына мен мақсатқа ие түрде жобаланған. Кесенелердің құбыла жақ қабырғасындағы михрабтар жойылғанымен, михраб ойығы немесе бейнелері тас, керамика секілді басқа да материалдар беттеріне әшекей ретінде бедерленген.

Селжұқ дәуіріндегі кесене сәулеті, формалық жағынан алып қарағанда, көне түркі сенімдерінде кездесетін рухтың аспанға көтерілуін бейнелейтін көрініске ие. Жерасты

бөлмесіне жерленген мәйіттің үстіне салынған кесене денесі жоғары қарай сүйірленіп, аспанға ұмтылу идеясын меңзегендей әсер қалдырады. Бұл бейнеде пирамидалы немесе конусты шатыр астындағы ішкі күмбез, көк қабаттарын елестететіндей сипатқа ие. Селжұқ дәуіріндегі қабір құрылыстарында жиі кездесетін әртүрлі жануар бейнелерінің ақырет сенімімен байланысы туралы нақты пікір айту қиын. Бұл мәселеге қатысты зерттеулер әлі жалғасып жатыр.

Ерте Осман дәуіріндегі кесенелерде, Орта Азия түркі сенімдерінің іздері көрініс табатын кейбір элементтер жойыла бастаса да, қос қабатты жаппа жүйесінің классикалық дәуірде қайта қолданысқа енуі, оның формасы өзгерсе де дәстүрдің жалғастығын көрсетеді.

Ислам сенімінде адам ақырет сапарына тек осы дүниеде жасаған амалдарымен аттанады (Исра сүресі, 17/19). Сондықтан адам, дүниеге келген кезде оралған бесік секілді, кебінге оралып, шыққан жеріне – топыраққа қайтарылады. Бұрынғы кезеңдердегідей, мәйіттің жанына ешқандай зат қойылмайды. Жер бетіндегі салтанатты кесенелерде жатса да, жерге көмілген сұлтандардың қарапайымдылығы осы ақиқатты ең көркем түрде паш етеді.



Сурет 7 - Ыстамбұлдағы Әюб әл-Ансари кесенесінің бетпе-бет дұға оқылатын терезесі
[Fig. 7 - Prayer Window Facing the Tomb of Eyüp al-Ansari in Istanbul]



Сурет 8 - Рифаи тариқатына тән таңбасы бар қабір тас (Сүлеймание зиратынан)
[Fig. 8 - Gravestone with the Symbol of the Rifa'i Order (from the Süleymaniye Cemetery)]

Халық арасында айтылатын бір оқиға біздің тақырыбымыз тұрғысынан едәуір қызықты: Кануни Сұлтан Сүлеймен өзімен бірге алып жүрген тартпасының (қобдиша) өзі қайтыс болғанда мәйітімен бірге көмілуін қалаған екен. Ислам сенімдеріне сәйкес, қабірге кебінделген мәйіттен басқа ештеңе қойылмайтыны себепті, бұл жағдай ғалымдар арасында талқыланды. Әлгі сандық ашылғанда оның ішінде өзі шығарған пәтуалар болғанын көрген

шейхул-ислам: «Сен өзінді құтқарасың; ал менің жағдайым не болмақ!» деп жылаған екен. Мемлекеттік басқару барысында жіберген қателіктері үшін жауапқа тартылмау мақсатында, шейхул-исламнан алған пәтуаларды өзімен бірге алып кетіп, оларды өзіне дәлел әрі куә ретінде көрсетуі – Сұлтанның қиямет күніндегі есепке қаншалықты мән бергенін көрсетеді. А.Сүхейл Үнвер бұл оқиғаның ақиқаттылығына күмәнмен қарап, оны аңыз деп бағаласа да (Ünver, 1970: 306), *Тарих-и Сұлтан Сүлейман* (парақ 1156) атты қолжазбада Сұлтанның жерлеу рәсімін бейнелейтін миниатюр кескінінде – мәйіт шеруінің алдында, басында шағын сандық көтеріп келе жатқан бейненің, әлгі пәтуаларды алып келе жатқаны деп ойлаймыз (6-сурет). Кейбір зерттеушілер бұл сандықта Санжак-и Шәриф пен Хирка-и Шәриф секілді қасиетті аманаттар болуы мүмкін екенін айтқан (Ertuğ, 1999: 130). Алайда, рәсімдерге ерекше мән берілген басқа сұлтандардың жерлеу көріністерінде мұндай сандықтың болмауы бұл пікірді әлсіретеді. Аңыз болса да, мұндай аңыздың пайда болуы – бұл мәселеге деген қызығушылықты көрсетеді.

Қасиетті немесе куәлік беруші деп сенілген кейбір діни заттардың кесенелерде сақталуы, ақыретте бұл заттардың иесіне жәрдемдеседі деген сенімнен туындайды. Марқұмның үстіне Қағба жабуын жабу да – осы сенімнің көрінісі. Явуз Сұлтан Селимнің кесенесінде ұстазының атының аяғынан шашыраған балшық ізі қалған шапанның сақталуы – білімге құрметтің белгісі ретінде, бұл шапанның ақыретте марқұмға куәлік ететініне сенілгендігін көрсетеді. Кануни Сұлтан Сүлейменнің кесенесіндегі Хажарұл-Әсуәдтің (Қағбадағы қара тастың) бір бөлігі де осы тұрғыдан бағалануы тиіс.

Жерлеу дәстүрлері заманға, дінге және өңір ерекшеліктеріне қарай әртүрлілік танытады (Soysal, 1997: 1212-1216). Исламдық жерлеу дәстүрінде мәйіт қабірге ұзынан-ұзақ жатқызылып қойылады. Көлденең жатқан мәйіттің басы мен аяғына орнатылған құлпытастар – тік тұрғызылуы арқылы қайта тірілудің (қияметтің) белгісі іспетті. Пішін жағынан «әлиф» әріпін немесе «бір» санын елестететін бұл құлпытастар – бірлік сенімінің нышандары ретінде қабылданады. Қабір басына егілген арша ағаштары мен құлпытастарға қашалған арша бейнелері де осы ойдың жемісі. Сонымен қатар, аршаның көлеңкесі – марқұмды, ал өзі тірілуді бейнелейді.

Осман мазараттарында сәулеттік элемент ретінде дамыған «хажат» (мууажәхә) терезелері – кесенеге уақыф ретінде берілген мүліктерден мұқтаждарға көмек көрсетілетін әрі адамдардың дүние мен ақыретке қатысты тілектерін білдіретін маңызды орын болған. Әсіресе әулие екендігіне сенілген тұлғалар арқылы бұл тілектердің қабыл болуына сену себебінен, хажат терезелері – түрік сенім жүйесінде маңызды орын алған (7-сурет).

Қабірлердің үстіне жануарлар су іше алатын арнайы орынның жасалуы немесе халық жиі баратын кейбір құлпытастардың үстіне мұқтаж жандар ала алатындай етіп, (садақа тастары сияқты) ұсақ тиындар салуға арналған шағын ойықтың қазылуы – жоғарыда атап өткен садақат-и жәрия (үздіксіз сауап) идеясының көріністерінен саналады. Мұндай игілік жасау – бір жағынан марқұмның рухының рахат табуына себеп болса, екінші жағынан қоғамдық өзара жәрдемге де дәнекер болатын нәзік бір ұғымды білдіреді. Қабірдің үстіне ағаш отырғызу да осы сипаттағы бір садақа ретінде есептеледі. Қабірдің үстіне ағаш отырғызудың қабір азабын жеңілдететіні жайлы хабар беретін хадис шарифтер бұл істің кең таралуына себеп болған. Расулұллаһ (с.а.с.) бір қабірдің қасынан өткенде: «Бұлар (қабір иелері) азап көруде; біреуі дәрет сындырғанда өзінен сақтанбайтын, екіншісі ел арасында өсек тасып, бүлік шығаратын еді», – деді. Содан кейін бір құрма ағашының жас бұтағын алып, екіге бөліп, екі қабірдің үстіне қадады. Жанындағылар: Я Расулаллаһ! Мұны не үшін жасадыңыз? – деп сұрағанда, Ол: Бұл бұтақтар жас күйінде тұрғанша, олардың азабы жеңілдейді деп үміт етемін, – деп жауап берді (Бухари, Жаназа, 82). Қабірлерге салынған өсімдік өрнектері бір жағынан жәннат бақтарын бейнелесе, кейбір гүлдер өзіндік мағыналар да қамтиды. Исламдық рәміздер тілінде раушан гүлі – Хазіреті Пайғамбарды бейнелейді. Ал лала гүлі (қызғалдақ) – әбжад есебіне сай *Лафзатуллаһ* (Алланың аты) сөзімен сәйкес келгендіктен, бұл гүлдердің түрік өрнектерінде жиі қолданылуына себеп болған. Кейбір құлпытастардың төбесіне тағылған гүлдер – сол жерде жерленген адамның мүтәлік болған тариқатын білдіреді.

Тағы бір ерекшелік, марқұмның байланыста болған тариқатының белгісі саналатын сиккалардың (сопылық дәреже таңбасы) тастарға қашалып салынуы. Бұл арқылы дүниеде мүршид болған адамның ақыретте де мүридтеріне жол көрсететініне сенім білдіріледі (8-сурет).

Қабір көркемдеулерін құрайтын тағы бір сәндік элемент – ғибрат пен насихат сөздері жазылған мәтіндер. Бұлар «Кеше мен сен секілді едім, ертең сен де мендей боласын» (Сұлтан II. Баязид кесенесінде ағаш терезе қақпақтарына бедерлі түрде жазылған) секілді сөздермен адамға ақыретті еске салып, игілік істеуге үндейді. Осылайша қабір зияратының ең маңызды мақсаты саналатын ақыретті еске салу – нақты түрде іске асады (Karaman, 1986: 21). Сонымен қатар, қабірді зиярат ету арқылы бір жағынан рухтарға тыныштық пен ізгілік, рухани байлық сыйланса, екінші жағынан оқылған дұғалар арқылы марқұмдарға рухани азық берілді деп есептеледі (Karaman, 1986: 60). Исламда негізінен адам мен Алла арасында ешкім тұра алмайды, алайда адамдардың кешірілуі үшін дұға етілген жағдайда, бұл дұғалардың қабыл болуы мүмкін екені Алла Тағала тарапынан хабар берілген. Сол себепті қабір жазбалары – көбіне дұғалар мен зиярат етушілерден дұға сұрайтын сөздермен өрнектелген (Бақара сүресі, 2/186).



Сурет 9 - Ыстамбұлдағы Фатима Ханым Сұлтан кесенесінен алынған тағдыр дөңгелегі үлгісі
[Fig. 9 - Wheel of Fate Motif from the Mausoleum of Fatma Hanım Sultan in Istanbul]



Сурет 10 - Жеміс бейнеленген қабір тас (Қараджаахмет зиратынан)
[Fig. 10 - Gravestone with Fruit Depiction (from the Karacaahmet Cemetery)]

Қабір тасындағы кездесетін ең қызықты сөздердің бірі – адамның өлімнен кейін қайта тірілетініне қатысты, қайтыс болған адамға «өлді» деп айтылмай, оның ақырет сапарына шыққанының баса көрсетілуі. Бұл дәстүр Орхон ескерткіштерінен бері жалғасып келеді (Ergin, 1988: 22, 24, 25, 31, 51). Қабір тастарында толық түрінде көрінбеген болса да, Осман биография кітаптарында аты аталған тұлғалар жайлы «өлді» деп айтпау үшін жүздеген түрлі сөздер қолданылған. Марқұм болған адамның тірісіндегі қасиеттеріне қарай кейде өлім жылы

әбжәд есебімен шығарылады, ал кейде осы қасиеттеріне сай келетін сөйлем арқылы оның қайтыс болғаны білдіріледі. Мысалы, бір хаттат (каллиграфия өнерінің иесі) үшін «Өмір жазуынан қол үзді» деген сөз қолданылса, басқа үлгілері қарапайым тілмен «Жан құсы тордан ұшты», «Өмір шырағына жел тиді», «Ажал шәрбетін ішті», «Жәннат гүлістанына қанат қақты» сияқты тіркестер арқылы да мән-мағына жеткізіледі. Өлімді білдіретін осындай сөз тіркестері жөніндегі зерттеу жұмысымыз жалғасуда.

Өмірі толық аяқталмай, дүниелік өліммен жарты жолда қалған үміттердің ақыретте жалғасуын тілей отырып жазылған кейбір жоқтаулардың қатарында, Кануни Сұлтан Сүлейманның, шахзада Мехмед үшін жасатқан кесенесінде, қабірдің үстіне тақ орнатылуы сияқты ерекше үлгілер де бар.

Қабір безендіруде жиі кездесетін қанжар мотивінің, көне түркі сенімдеріндегі темір мәдениетімен байланысы болуы мүмкін (Çoruhlu, 1997: 43). Құранда темірге арналған бір сүренің болуы да темірге қатысты сенімдерге әсер еткен деп айтуға болады (Хадид сүресі, 57/25). Қанжардың дүниеде аяқталмаған армандар мен жарты жолда қалған өмірге меңзейтіні де айтылады. Сонымен қатар, қабір безендіру өрнектерінде көрінетін «жұлдыз» мотивтері, өмірдің мәңгілік екенін және бір өмірдің аяқталып, екіншісінің басталатынын бейнелейтін ең тамаша суреттеу ретінде түсіндіріледі (9-сурет).

Соңғы кезеңдегі Осман қабір безендірулерінде жиі кездесетін жеміс ағаштары мен жеміс толы табақтар, жұмақтың нығметтерін еске түсіретін, ең көп көзге түсетін әшекейлі элементтер болып табылады. Кейбір зерттеушілер бұл жеміс табақтарының шығу тегін, исламға дейінгі дәуірлерде қабірлерге қойылған шашу (садақа) мен құрбандықтармен байланыстырады (Çoruhlu, 1998: 118). Алайда, мұндай әшекейлердің жүздеген жылдар бойы қабір декорацияларында байқалмай, тек XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап кеңінен қолданылу мәселесінің нақты себебі анықталмай отыр. Бұл әшекейлер, техникалық тұрғыдан, Еуропа ықпалымен сәулет өнерімізде сән болған бір дәуірдің өнімдері ретінде көрінеді (10-сурет).

Қорытынды

Қорытындылай келе, түркілер көне заманнан бері өмірден кейінгі өмір барына сенген және бұл сенімдерін қабір құрылымы мен безендірулерінде түрлі тәсілдермен бейнелеген. Уақыт өте келе өзгерген сенімдер, жерлеу дәстүрлері, қабір құрылымы мен көркемделуіне әр түрлі әсер етті. Ерте кезеңдерде адам, ақыретте қажет болатын заттарымен бірге жерленсе, исламнан кейін, бұл қажеттіліктердің осы дүниеде жақсы істер жасау арқылы табылатыны жайлы сенім қалыптасып, жария садақалар жасалып, Аллаға жақындау жолы ізденді. Қайырымдылық жасаушылар кесенелерін, өздері жасаған қайырымдылықтарының жанында орнату арқылы, естеліктерін сақтау ықтиярлығын көрсеткен. Қабірлер, ахиретті еске түсіретін сөздермен, белгілермен безендіріліп, өлімге жылы бір бет беру мақсатында және адамдарды жақсылыққа ынталандырып, ақырғы нәтижесін мәңгілік бақытқа айналдыру үшін қолданылған.

References

- Cam, 1999 — Cam N. “Turk mezar ve turbelerinin ozellikleri ile ilgili bazi dusunceler” [Some Thoughts on the Characteristics of Turkish Graves and Tombs]. *Gecmisten Gunumuze Mezarlik Kulturu ve Insan Hayatina Etkileri Sempozyumu* 18–20 Aralik 1998, Istanbul, Istanbul 1999. p. 68. (In Turkish)
- Cerkez, 1999 — Cerkez M. “Eyupsultan mezarlarinda kandil motifleri” [Lamp Motifs on Tombstones in Eyupsultan]. *Tarihi Kulturu ve Sanatiyla III. Eyupsultan Sempozyumu Tebligler* 28–30 Mayis 1999, 1998 Istanbul. Pp. 338–365. (In Turkish)
- Coruhlu, 1997 — Coruhlu T. “Eyup Sultan ve cevresindeki hazirelerde bulunan hancerli lahitler ve tas sandukalar” [Daggered Sarcophagi and Stone Coffins in the Courtyards around Eyup Sultan]. *Eyupsultan Sempozyumu Tebligler I*. Istanbul 1997. p. 43. (In Turkish)
- Coruhlu, 1998 — Coruhlu Y. “Eyup ve cevresindeki mezarlarinda gorulen kase icinde meyve tasvirlerinin sembolizmi” [The Symbolism of Fruit Depictions in Bowls on Tombstones in and around Eyup]. *Tarihi Kultur ve Sanatiyla II. Eyupsultan Sempozyumu Tebligler* 8–10 Mayis 1998, 1998 Istanbul. p. 118; Laqueur, *Huvel-Baki*, pp. 130–133. (In Turkish)

- Devellioglu, 2000 — Devellioglu F. *Osmanlica-Turkce Ansiklopedik Lugat* [Ottoman Turkish–Turkish Encyclopedic Dictionary]. Ankara 2000. p. 640. (In Turkish)
- Diyarbakirli, 1972 — Diyarbakirli N. *Hun Sanati* [Hun Art]. Istanbul 1972. p. 67. (In Turkish)
- Dilaveroglu, 1978 — Dilaveroglu M. E. *Durretu'l-Fahire fi Beyan-i Ahkami'l-Cenazeti ve Seferi'l-Ahire* [The Precious Pearl on the Rules of Funerals and the Journey to the Hereafter]. Istanbul 1978. pp. 320–324. (In Turkish)
- Dilaveroglu, 1978 — Dilaveroglu M. E. *Durretu'l-Fahire fi Beyan-i Ahkami'l-Cenazeti ve Seferi'l-Ahire* [The Precious Pearl on the Rules of Funerals and the Journey to the Hereafter]. p. 322. (In Turkish)
- Doganay, 1999 — Doganay A. “Sultan II. Murad’in vasiyetnamesinin mezar mimarimize tesiri” [The Impact of Sultan Murad II’s Testament on Our Tomb Architecture]. *Gecmisten Gunumuze Mezarlik Kulturu ve Insan Hayatina Etkileri Sempozyumu* 18–20 Aralik 1998 Istanbul, Istanbul 1999. pp. 99–109. (In Turkish)
- Eflaki, 1973 — Eflaki A. *Ariflerin Menkibeleri / Manakib al-Arifin* [Legends of the Sages / Manakib al-Arifin], I. (Trans. Tahsin Yazici). Istanbul 1973. p. 388. (In Turkish)
- Ergin, 1988 — Ergin M. *Orhun Abideleri* [Orkhon Inscriptions]. Istanbul 1988. p. 30. (In Turkish)
- Ertug, 1999 — Ertug Z. T. *XVI. Yuzyil Osmanli Devleti’nde Culus ve Cenaze Torenleri* [Accession and Funeral Ceremonies in the Ottoman Empire in the 16th Century]. Ankara 1999. p. 130. (In Turkish)
- Gozubenli, 1997 — Gozubenli B. “Cenaze” [Funeral]. *Islam’da Inanc Ibadet ve Gunluk Yasayis Ansiklopedisi*, vol. I. Istanbul 1997. pp. 194–195. (In Turkish)
- Gunay, Gungor, 1998 — Gunay U., Gungor H. *Turk Din Tarihi* [History of Turkish Religion]. Istanbul 1998. p. 86. (In Turkish)
- Gurel, 1988 — Gurel S. *Istanbul Evliyaları ve Fetih Sehitleri* [Saints of Istanbul and Martyrs of the Conquest]. Istanbul 1988. pp. 149–150. (In Turkish)
- Karaman, 1986 — Karaman H. *Ebediyet Yolcusunu Ugurlarken* [Farewelling the Traveler to Eternity]. Ankara 1986. (In Turkish)
- Karaman, 1996 — Karaman H. “Olum, olu, defin ve merasimler” [Death, Dead, Burial and Rituals]. *Islam Dnyasinda Mezarliklar ve Defn Gelenekleri*, I. Ankara 1996. p. 9. (In Turkish)
- Laqueur, 1993 — Laqueur H.-P. *Huvel-Baki: Istanbul’da Osmanli Mezarliklari ve Mezar Taslari* [Huvel-Baki: Ottoman Cemeteries and Tombstones in Istanbul]. (Trans. Selahaddin Diliduzgun). Istanbul 1993. p. 54. (In Turkish)
- Onkal, 1988 — Onkal H. “Turk turbe mimarisinde cenazelik katinin gelismesi” [The Development of the Funeral Chamber in Turkish Tomb Architecture]. *Turk Kulturu*, no. 307. Ankara 1988. pp. 54–60. (In Turkish)
- Onkal, 1996 — Onkal H. *Anadolu Selcuklu Turbeleri* [Seljuk Tombs in Anatolia]. Ankara 1996. p. 3. (In Turkish)
- Onkal, 1996 — Onkal H. *Anadolu Selcuklu Turbeleri* [Seljuk Tombs in Anatolia]. Ankara 1996. pp. 379–437. (In Turkish)
- Ragheb, 1996 — Ragheb Y. “Islam hukukuna gore mezarin yapisi” [The Structure of the Grave According to Islamic Law]. *Islam Dnyasinda Mezarliklar ve Defn Gelenekleri*, I. Ankara 1996. p. 17. (In Turkish)
- Roux, 1999 — Roux J.-P. *Eskicag ve Ortacagda Altay Turklerinde Olum* [Death among the Altai Turks in Antiquity and the Middle Ages]. (Trans. Aykut Kazancigil). Istanbul 1999. p. 158. (In Turkish)
- Sener, 1996 — Sener C. *Samanizm* [Shamanism]. Istanbul 1996. p. 13. (In Turkish)
- Soysal, 1997 — Soysal M. “Mezar” [Grave]. *Eczacibasi Sanat Ansiklopedisi*, II. Istanbul 1997. pp. 1212–1216. (In Turkish)
- Uzuncarsili, 1969 — Uzuncarsili I. H. “Sultan Ikinci Murad’in vasiyetnamesi” [The Testament of Sultan Murad II]. *Vakıflar Dergisi*, IV. Ankara 1958. pp. 1–12; Sertoğlu M. *Vakıflar Dergisi*, VIII. Ankara 1969. pp. 67–69. (In Turkish)
- Uzuncarsili, 1974 — Uzuncarsili I. H. “Nigde’de Karamanoğlu Ali Bey Vakfiyesi” [The Waqfiya of Karamanoğlu Ali Bey in Nigde]. *Vakıflar Dergisi*, II. Istanbul 1974. p. 59. (In Turkish)
- Unal, 1992 — Unal R. H. *Erzurum Yakutiye Medresesi* [Yakutiye Madrasa in Erzurum]. Ankara 1992. p. 55; Yazar, “Cadir-Bark-Turbe”, p. 427. (In Turkish)
- Unver, 1970 — Unver A. S. “Kanuni Sultan Suleyman’in son Avusturya seferinde hastaligi, olumu, cenazesi ve defni” [The Illness, Death, Funeral and Burial of Suleiman the Magnificent during his Last Austrian Campaign]. *Kanuni Armagani*. Ankara 1970. p. 306. (In Turkish)
- Vasiyetname, 162/14 — *Vasiyetname* [Testament]. Basbakanlik Arsivi, Maliyeden Mudever, A Kismi, No: 162/14. (In Turkish)
- Yazar, 1999 — Yazar T. “Cadir-Bark-Turbe” [Tent-Bark-Tomb]. *Gecmisten Gunumuze Mezarlik Kulturu ve Insan Hayatina Etkileri Sempozyumu* 18–20 Aralik 1998 Istanbul, Istanbul 1999. p. 422. (In Turkish)
- Yuksel, 1969 — Yuksel I. A. *Osmanli Mimarisinde II. Bayezid, Yavuz Selim Devri*, V [Ottoman Architecture in the Reigns of Bayezid II and Selim I, Vol. V]. Istanbul 1969. p. 215. (In Turkish)

CONTENTS

Kabuldinov Z.E. CULTURAL AND EDUCATIONAL ACTIVITIES OF MASHKHUR-ZHUSSIP KOPEYULY.....	5
Doğanay A., Sambet M.A. REFLECTIONS OF THE AFTERLIFE BELIEF AMONG THE TURKS IN MAUSOLEUM CONSTRUCTION AND DECORATION.....	12
Cherepanov K. KAZAKHSTAN AS AN INDUSTRIAL AND RAW-MATERIAL BASE OF THE SOVIET UNION DURING THE LEADERSHIP OF D.A. KUNAEV (1964–1986).....	26
Azmukhanova A., Balgozhina A. ENLIGHTENMENT MOVEMENTS: JADIDISM AND MEIROKUSHA IN A HISTORICAL RETROSPECTIVE.....	39
Zhumagul S.B. FROM THE REHABILITATION HISTORY OF LITERARY HERITAGE OF THE “ALASH” FIGURES.....	53
Tashagul A., Kopeyeva S.Zh. ACTIVITIES AND SIGNIFICANCE OF THE MUSLIM FRACTION IN THE FIRST AND SECOND STATE DUMAS.....	64
Zhussip S.-Kh.A., Zhumatay S. THE ALL-RUSSIAN CONSTITUENT ASSEMBLY AND THE HISTORY OF THE CREATION OF THE REPUBLIC OF ALASH.....	71
Kemengger K.R. HISTORICAL AND MENTAL-SYMBOLIC MEANING OF THE ARCHETYPE “ALASH” IN THE KAZAKH SOCIO-CULTURAL SOCIETY OF THE XX CENTURY.....	83
Mukanova G.K., Sarsembina K.K. MELODIES OF THE STEPPE: THE REPRESSED CULTURAL FIGURE OF KAZAKHSTAN, COMPOSER IVAN KOTSYK (1891-1938).....	93
Salmorbekova R.B., Saralaev N.K., Murzalieva Z.K. ORTHODOXY IN KYRGYZSTAN: STAGES OF FORMATION AND ROLE IN THE SPIRITUAL LIFE OF SOCIETY.....	110
Tulbassyieva S.K. FROM THE PAGES OF THE HISTORY OF THE SOVIET COLLECTIVE FARM: THE COLLECTIVE FARM “MOUNTAIN GIANT” IN THE CITY OF ALMA-ATA. THE 30S OF THE XX CENTURY.....	122
Khassanayeva L.M. THE ROLE OF THE NATIONAL INTELLECTUALS IN THE POLICY OF NATIONAL TERRITORIAL DELIMITATION.....	139
Dauletkhanov A. ON THE HISTORICAL SITE OF THE CITY OF CHIGU.....	153
Zhengis E.Zh. POPPY CULTURE IN SEMIRECHYE AT THE END OF THE 19TH – BEGINNING OF THE 20TH CENTURY.....	165
Kenzhebekova Zh.K. FORMATION AND DEVELOPMENT OF THE MEDIATION INSTITUTE IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: PROBLEMS AND SOLUTIONS.....	174
Sholakhov M. ANALYSIS OF THE WESTERN EUROPEAN HISTORIOGRAPHY OF THE NOGAI HORDE.....	181

МАЗМҰНЫ

Қабылдинов З.Е. МӘШХҰР-ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ МӘДЕНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.....	5
Доғанай А., Сәмбет М.Ә. ТҮРКІЛЕРДЕ АҚЫРЕТ СЕНІМІНІҢ МАЗАР ҚҰРЫЛЫСЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БЕЗЕНДІРУДЕГІ КӨРІНІСТЕРІ.....	12
Черепанов К.В. Д.А. ҚОНАЕВ БАСШЫЛЫҚ ЕТКЕН ЖЫЛДАРЫ (1964–1986 ЖЖ.) ҚАЗАҚСТАННЫҢ КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ ИНДУСТРИЯЛЫҚ-ШИКІЗАТТЫҚ БАЗАСЫНА АЙНАЛУЫ.....	26
Азмұханова А.М., Балгожина А.А. АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР: ЖӘДИДШІЛДІК ПЕН МЭЙРОКУСЯ ТАРИХИ РЕТРОСПЕКТИВАДА.....	39
Жұмағұл С.Б. «АЛАШ» ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫН АҚТАУ ТАРИХЫНАН.....	53
Ташағыл А., Көпеева С.Ж. І ЖӘНЕ ІІ МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАЛАРДАҒЫ МҰСЫЛМАН ФРАКЦИЯСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ МЕН МАҢЫЗЫ.....	64
Жүсіп С.Х.А., Жұматай С. БҮКІЛРЕСЕЙЛІК ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫ ЖӘНЕ АЛАШ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ.....	71
Кеменгер Қ.Р. XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ҚОҒАМЫНДАҒЫ «АЛАШ» АРХЕТИПІНІҢ ТАРИХИ ЖӘНЕ МЕНТАЛДЫҚ-СИМВОЛДЫҚ МӘНІ.....	83
Мұқанова Г.Қ., Сәрсембина Қ.Қ. ДАЛА ӘУЕНДЕРІ: ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИЕТ ҚАЙРАТКЕРІ, КОМПОЗИТОР ИВАН КОЦЫК (1891-1938).....	93
Салморбекова Р.Б., Саралаев Н.К., Мурзалиева З.К. ҚЫРҒЫЗСТАНДАҒЫ ПРАВОСЛАВИЕ: ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ МЕН РӨЛҚОҒАМНЫҢ РУХАНИ ӨМІРІНДЕ.....	110
Тулбасиева С.К. КЕҢЕСТІК КОЛХОЗ ТАРИХЫНЫҢ БЕТТЕРІНЕН: «ГОРНЫЙ ГИГАНТ» КОЛХОЗЫ – АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДА. XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ЖЫЛДАРЫ.....	122
Хасанаева Л.М. ҰЛТТЫҚ ЗИЯЛЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ-АУМАҚТЫҚ МЕЖЕЛЕУ САЯСАТЫНДАҒЫ РӨЛІ.....	139
Дәулетханов Ә.Д. ЧИГУ ҚАЛАСЫНЫҢ ТАРИХИ ОРЫНЫ ТУРАЛЫ.....	153
Жеңіс Е.Ж. XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ - 20 ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ЖЕТІСУДАҒЫ КӨКНАР ЕГІНШІЛІГІ.....	165
Кенжебекова Ж.Қ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕДИАЦИЯ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ: МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ.....	174
Шолахов М.Г. НОҒАЙ ОРДАСЫНЫҢ БАТЫСЕУРОПАЛЫҚ ТАРИХНАМАСЫН ТАЛДАУ.....	181

СОДЕРЖАНИЕ

Кабульдинов З.Е. КУЛЬТУРНО-ПРОСВЕТИТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ МАШХУР-ЖУСИПА КОПЕЙУЛЫ.....	5
Доганай А., Самбет М. ПРОЯВЛЕНИЯ ВЕРЫ В ЗАГРОБНУЮ ЖИЗНЬ У ТЮРКОВ В СТРОИТЕЛЬСТВЕ И УКРАШЕНИИ ГРОБНИЦ.....	12
Черепанов К.В. КАЗАХСТАН КАК ИНДУСТРИАЛЬНО-СЫРЬЕВАЯ БАЗА СОВЕТСКОГО СОЮЗА В ГОДЫ РУКОВОДСТВА Д.А. КУНАЕВА (1964–1986 ГГ.).....	26
Азмуханова А.М., Балгожина А.А. ПРОСВЕТИТЕЛЬСКИЕ ДВИЖЕНИЯ: ДЖАДИДИЗМ И МЭЙРОКУСЯ В ИСТОРИЧЕСКОЙ РЕТРОСПЕКТИВЕ.....	39
Жумагул С.Б. ИЗ ИСТОРИИ РЕАБИЛИТАЦИИ ЛИТЕРАТУРНОГО НАСЛЕДИЯ ДЕЯТЕЛЕЙ «АЛАШ».....	53
Ташагыл А., Копеева С.Ж. ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ЗНАЧЕНИЕ МУСУЛЬМАНСКОЙ ФРАКЦИИ В I И II ГОСУДАРСТВЕННОЙ ДУМЕ.....	64
Жусип С.Х.А., Жуматай С. ВСЕРОССИЙСКОЕ УЧРЕДИТЕЛЬНОЕ СОБРАНИЕ И ИСТОРИЯ СОЗДАНИЯ РЕСПУБЛИКИ АЛАШ.....	71
Кеменгер К.Р. ИСТОРИЧЕСКОЕ И МЕНТАЛЬНО-СИМВОЛИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ АРХЕТИПА «АЛАШ» В КАЗАХСКОМ СОЦИОКУЛЬТУРНОМ ОБЩЕСТВЕ XX ВЕКА.....	83
Муканова Г.К., Сарсембина К.К. МЕЛОДИИ СТЕПИ: РЕПРЕССИРОВАННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ КУЛЬТУРЫ КАЗАХСТАНА, КОМПОЗИТОР ИВАН КОЦЫК (1891–1938).....	93
Салморбекова Р.Б., Саралаев Н.К., Мурзалиева З.К. ПРАВОСЛАВИЕ В КЫРГЫЗСТАНЕ: ЭТАПЫ СТАНОВЛЕНИЯ И РОЛЬ В ДУХОВНОЙ ЖИЗНИ ОБЩЕСТВА.....	110
Тулбасиева С.К. ИЗ СТРАНИЦ ИСТОРИИ СОВЕТСКОГО КОЛХОЗА: КОЛХОЗ «ГОРНЫЙ ГИГАНТ» В ГОРОДЕ АЛМА-АТЫ. 30-Е ГОДЫ XX ВЕКА.....	122
Хасанаева Л.М. РОЛЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ В ПОЛИТИКЕ НАЦИОНАЛЬНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОГО РАЗМЕЖЕВАНИЯ.....	139
Даулетханов А.Д. О ИСТОРИЧЕСКОМ МЕСТЕ ГОРОДА ЧИГУ.....	153
Женис Е.Ж. КУЛЬТУРА МАКА В СЕМИРЕЧЬЕ В КОНЦЕ XIX - В НАЧАЛЕ XX ВЕКА.....	165
Кенжебекова Ж.К. ФОРМИРОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ ИНСТИТУТА МЕДИАЦИИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН: ПРОБЛЕМЫ И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ.....	174
Шолахов М.Г. АНАЛИЗ ЗАПАДНОЕВРОПЕЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ НОГАЙСКОЙ ОРДЫ.....	181

Редакцияның мекен-жайы:

010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғ., 11/5
Қазақстан және Орталық Азия тарихы институты
Scientific Journal “Central Asian courier” редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://sjcacourier.com/>

Тел.: +7 (776) 301-11-11 (Ұялы телефон)
+7 (775) 537-77-72 (whatsapp)

E-mail: hkca.kz@gmail.com

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде
2025 ж. 20 маусымда тіркеліп, № KZ20VPY00122471 куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.